

Шиелі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 5/4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 20 сәуірде № 8305 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 қазандағы № 13/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 19.10.2021 № 13/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Кодексінің 19-1-бабының 1), 2) тармақшаларына, 20-1-бабының 2), 3) тармақшаларына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, 7-бабының 5-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шиелі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. "Шиелі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 ақпандағы № 37/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6708 номірімен тіркелген, 2019 жылғы 07 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шиелі аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы

E. Женсикбаев

T. Жағыпбаров

Шиелі аудандық мәслихатының

2021 жылғы 15 сәуірдегі № 5/4

шешіміне 1- қосымша

Шиелі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу жәнежинақталу нормалары

| № | Объектінің атауы | Өлшем бірлігі | Жинақталудың есептік нормасы жылына, м3 |
|-----|---|------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Жайлы және жайлы емес үйлер | 1 түрғын | 0,75 |
| 2. | Жатақханалар, интернattар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын | 0,432 |
| 3. | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын | 0,546 |
| 4. | Балабақшалар, бебекжайлар | 1 орын | 0,352 |
| 5. | Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер | 0,31 |
| 6. | Емханалар | 1 келіп кету | 0,084 |
| 7. | Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын | 1,049 |
| 8. | Мектептер және өзге де оку орындары | 1 окушы | 0,083 |
| 9. | Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын | 0,61 |
| 10. | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы | 1 отыратын орын | 0,12 |
| 11. | Мұражайлар, көрмелер | жалпы аланы 1 м2 | 0,02 |
| 12. | Стадиондар, спорт аландары | ж о б а бойынша 1 орын | 0,01 |
| 13. | Спорт, би және ойын залдары | жалпы аланы 1 м2 | 0,04 |
| 14. | Азық-тұлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | сауда аланы 1 м2 | 0,26 |
| 15. | Машиналардан сату | сауда орнының 1 м2 | 0,302 |
| 16. | Базарлар, сауда павильондары, дүнгіршектер, сөрелер | сауда аланы 1 м2 | 0,207 |
| 17. | Көтерме сауда қоймалары, өндірістік тауарлар қоймасы | жалпы аланы 1 м2 | 0,18 |
| 18. | Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар | жалпы аланы 1 м2 | 0,151 |
| 19. | Дәріханалар | сауда аланы 1 м2 | 0,27 |
| 20. | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, авто жанар-жагармай құю стансасы, гараждар | 1 машина-орын | 1,68 |
| 21. | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы | 0,96 |
| 22. | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны | 1,182 |

| | | | |
|----|--|---------------------|-------|
| 23 | Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | жалпы аланы 1 м2 | 0,132 |
| 24 | Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | жалпы аланы 1 м2 | 0,3 |
| 25 | Моншалар, саunalар | жалпы аланы 1 м2 | 0,11 |

Шиелі аудандық мәслихатының
2021 жылғы 15 сәуірдегі № 5/4
шешіміне 2- қосымша

Шиелі ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмүге арналған тарифтері

| № | Атауы | Есептік бірлік | Бағасы (тенге) |
|----|-----------------------------|----------------|----------------|
| 1. | тұрғын үйлер үшін | айна 1 адамға | 87,67 |
| 2. | шаруашылық субъектілер үшін | 1 текше метр | 1402,7 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК